

«Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі Ақмол ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де 2025 жылы көрсетілген мемлекеттік қызмет бойынша ақпарат

2025 жылы «Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі Ақмол ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ мемлекеттік қызметтер Тізіліміне сәйкес 8 қызмет түрін көрсетті.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Мемлекеттік қызметтер саны - 425 құрады, оның ішінде:

- қағаз түрінде-346
- "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы-79
- Мемлекеттік корпорация арқылы-0.

2025 жылы көрсетілген мемлекеттік қызмет түрлері:

1. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау – 150, оның ішінде 91 қағаз түрінде;
2. Денсаулық жағдайы бойынша ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау -6;
3. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балалардың ауысу үшін құжаттарды қабылдауы – 118, оның ішінде қағаз түрінде-115;
4. Педагогтерді аттесттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау– 7;
5. Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру-9;
6. Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және кейін үйлеріне тегін тасымалдауды қамтамасыз ету -44;
7. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ тұлғалардың мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау-1;
8. Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау -89;

Білім беру саласында неғұрлым талап етілетін мемлекеттік қызметтер:

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау»;

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау».

Білім беру саласындағы барлық мемлекеттік қызметтер тегін негізде көрсетіледі.

Халықты ақпараттандыру мақсатында мектеп сайтында «Мемлекеттік қызметтер» бөлімінде білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары орналастырылған. Бұдан басқа, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша Халыққа қолжетімділік және ақпараттандыру мақсатында мектепте көрнекі ақпараты бар стенд (стандарттар, өтініш үлгілері және т.б.) орналастырылды. Мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында қағидалар, стандарттар, шағымдану тәртібі, байланыс ақпараты орналастырылған «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімі жұмыс істейді. Мектепте Мемлекеттік қызмет көрсету туралы халықты ақпараттандыру үшін 2025 жыл ішінде әлеуметтік желілерде бірнеше рет тиісті материалдар жарияланды.

Ай сайын «Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-не мемлекеттік қызметтердің ішкі мониторингі бойынша жұмыс туралы есеп беріледі. 2025 жылы Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу болған жоқ.

«Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі Ақмол ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де тиімділік пен қолжетімділік мақсатында «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы» жұмыс істейді. Мектепте Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне, сапасына және қолжетімділігіне күнделікті мониторинг жүргізіледі. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша Мемлекеттік қызмет алушылардан шағымдар түскен жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау.

1. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушының шағымдары туралы ақпарат.

Шағым берушілердің мәліметтері туралы	Шағымның мәні	Шағымды қараған Орган (ұйым) және (немесе)	Қарау күні	Қарау қорытындысы бойынша құжаттың №	Қабылданған шешімдер	Қайта қаралған шешім туралы мәліметтер
0	0	0	0	0	0	0

Мектеп директоры



Н. Атыгаева